

**“Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы
бойынша білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің
“Балбөбек” бөбекжай-балабақшасы коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

Бұйрық № 32
(Бұйрықтың көшірмесі)

02 қыркүйек 2024 жыл

Талапты ауылы

Педагогикалық әдеп жөніндегі
кеңес құрамын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына “Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы” ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығын негізге ала отырып, педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтау, педагогикалық әдеп қағидаларын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Мекемеде педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы төмендегідей бекітілсін:

Кеңес төрағасы: А.Т.Бурлибаева– меңгеруші

Кеңес мүшелері:

А.М.Шыныбекова– әдіскер

К.К.Жумабаева– тәрбиеші

Кеңес хатшысы:

К.С.Тулбаева – тәрбиеші

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары мен педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес жүзеге асырылсын.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын

“Балбөбек” бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі **А.Т.Бурлибаева**



**«Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы
бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Балбөбек» бөбекжай – балабақшасы» КМҚК.**

№1 Хаттама

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің отырысы

Өткізу күні: 2024 ж. 12 қыркүйек

Өткізілген орны: «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы

Қатысқандар: 11

Кеңес төрағасы: А.Т.Бурлибаева – меңгеруші

Кеңес мүшелері:

1. А.М.Шыныбекова – әдіскер
 2. Н.Ж.Сережанова – тәрбиеші
 3. К.С.Тулбаева -хатшы
- Барлық тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту туралы.
2. Кеңестің 2024-2025оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Төраға А.Т. Бурлибаева сөз сөйлеп, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметі туралы ақпарат берді. Кеңестің негізгі мақсаты педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту қажеттілігін атап өтті. Педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру және әдеп бұзушылықтарының алдын алу екендігін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша:

Хатшы К.С. Тулбаева кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда педагогикалық әдеп мәселелеріне байланысты түсіндіру жұмыстары, кеңес отырыстары мен профилактикалық іс-шаралар қарастырылғаны айтылды.


Үшінші мәселе бойынша:


Әдіскер А.М.Шыныбекова педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша жүргізілетін түсіндіру жұмыстарының маңыздылығына тоқталды. Педагогтердің қызмет барысында кәсіби этиканы сақтауы тәрбиеленушілердің құқықтарын құрметтеуі, ата-аналармен және әріптестермен дұрыс қарым-қатынас орнатуы қажеттігі түсіндірілді.

Педагогтер педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау білім беру сапасын арттыруға және ұжымдағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпалы жайында айтылды.

Қаулы:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы бекітілсін.
2. Кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.
4. Педагогтердің кәсіби этика нормаларын сақтауына бақылау күшейтілсін.
5. Әдеп бұзушылықтарының алдын алу мақсатында кеңестер ұйымдастырылсын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау балабақша меңгерушісіне жүктелсін.

Төраға:  А.Т. Бурлибаева

Хатшы:  К.С. Тулебаева

«Жетісу блысы білім басқармасының Көкеу ауданы
бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Балбөбек» бөбекжай – балабақшасы» КМҚК.

№2 Хаттама

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің отырысы

Өткізу күні: 2024 ж. 10 желтоқсан

Өткізілген орны: «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы

Қатысқандар: 11

Кеңес төрағасы: А.Т.Бурлибаева – меңгеруші

Кеңес мүшелері:

4. А.М.Шыныбекова – әдіскер
5. Н.Ж.Сережанова – тәрбиеші
6. К.С.Тулбаева -хатшы
7. Барлық тәрбиешілер

Күн тәртібі:

- 1.Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау туралы түсіндіру,жұмыстарын жүргізу.
- 2.Педагогтердің кәсіби этика талаптарын сақтау деңгейін талқылау.
- 3.Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы А.Т.Бурлибаева сөз сөйлеп, педагогикалық әдеп қағидалары Қазақстан Республикасы Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің қызметтік әдебінің негізгі нормаларын бұзудың мекеменің ішкі беделіне және балалардың психологиялық жағдайына әсер ететінін айтты. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау-әр педагогтің кәсби міндеті екенін атап өтті.Педагог қызметкерлердің ата-аналармен,тәрбиеленушілермен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық,мәденеттілік және өзара құрмет қағидаларын ұстануы қажеттігі түсіндірілді.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.Шыныбекова педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды.Ұжым мүшелері кәсіби қарым-қатынасты нығайту және педагогикалық әдеп талаптарын қатаң сақтау қажеттілігін қолдады. Сонымен қатар, Педагогтардың балалармен және ата-аналармен қарым-қатынаста әдепті сақтау қажеттілігі туралы айтылды. Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір тәрбиеші олармен жылы шырайлы,

сабырлы және түсіністікпен қарым-қатынас жасауы тиіс. Ата-аналармен қарым-қатынаста да әдептілік пен кәсібилікті сақтау маңызды.

Ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнатудың маңыздылығы аталды.

Қаулы:

1. Қызметкерлер арасында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау туралы жүйелі түрде түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
2. Педагогтерге қызмет барысында педагогикалық әдеп нормаларын қатан сақтау тапсырылсын.
3. Ата-аналармен және әріптестермен қарым- қатынаста өзара сыйластық пен кәсіби этика талаптары сақталсын.
4. Педагогикалық әдептің сақталуына тұрақты бақылау жүргізілсін.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау кеңес төрағасына жүктелсін.

Төраға: А.Т.Бурлибаева А.Т.Бурлибаева

Хаттшы: К.С.Тулебаева К.С.Тулебаева

«Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы
бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Балбөбек» бөбекжай – балабақшасы» КМҚК.

№3 Хаттама

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің отырысы

Өткізу күні: 2025 ж. 16 сәуір

Өткізілген орны: «Балбөбек» бөбекжай

Қатысқандар: 11

Кеңес төрағасы: А.Т.Бурлибаева – меңгеруші

Кеңес мүшелері:

8. А.М.Шыныбекова – әдіскер
9. Ш.К.Каримбаева – тәрбиеші
10. Н.Ж.Сережанова - хатшы
11. Барлық тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп қағидаларының сақталуы туралы.
2. Педагогикалық әдеп бұзушылықтарының алдын алу шаралары.
3. Әріптестермен, ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынас мәдениеті.
4. Қаулы қабылдау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы А.Т.Бурлибаева педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау педагогтің кәсіби міндеттерінің ажырамас бөлігі екенін атап өтті. Педагогтердің қызмет барысында кәсіби этиканы сақтауы, тәрбиеленушілердің құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуі, ата-аналармен және әріптестермен сыпайы қарым-қатынас орнатуы қажет екендігі түсіндірілді. Сонымен қатар педагогикалық әдеп талаптарының сақталуы білім беру ұйымының беделін арттырып, ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыратыны айтылды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.Шыныбекова педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша жүргізілген жұмыстарға тоқталып, педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру мақсатында түсіндіру

жұмыстарының жүйелі жүргізіліп отырғанын хабарлады. Әдеп талаптарын сақтау әрбір педагогтің кәсіби жауапкершілігі екенін атап өтті.

Сөз алды психолог А.Шыныбекова ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалдың педагогтердің өзара сыйластық қарым-қатынасына байланысты екенін айтты. Педагогтердің эмоциялық тұрақтылығын сақтау, жанжал жағдайларының алдын алу және кәсіби қарым-қатынас мәдениетін дамыту жөнінде ұсыныстар берді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Ш.Каримбаева ата-аналармен жұмыс барысында педагогикалық әдеп сақтау, балаларға құрметпен қарау және қызметтік әдепті ұстанудың маңыздылығына тоқталды.

Кеңес мүшелері педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселелері бойынша пікір алмасты. Әдеп бұзушылықтарының алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстарды күшейту, түсіндіру жұмыстарын өткізу және педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру қажеттілігі айтылды.

Қаулы:

1. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.
2. Педагогтер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтасын.
3. Тәрбиеленушілердің құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу, олардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету басты назарда болсын.
4. Ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста кәсіби этика талаптары сақталсын.
5. Педагогикалық әдеп бұзушылықтарының алдын алу мақсатында кеңестер және түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылсын.
6. Ұжымдағы қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау балабақша меңгерушісіне жүктелсін

Кеңес төрағасы: Бәк А.Т.Бурлибаева

Хатшы: Сейт Н.Ж.Сережанова